

6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Мутанова Динара Юлдашбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мұғалімдерді даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мұғалімдерді даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Осы тұрғыдан тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Төртінші өнеркәсіптік революция» жағдайында дамытуға арналған он негізгі міндеттің жетінші тармағында: «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіруді жүзеге асыру талап етіледі. Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деп атап өтті. Осы орайда, Мутанова Динара Юлдашбаевна «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы әлемдік маңызы бар күрделі мәселені қарастырып отыр.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдері коммуникативтік мәдениетке ие тұлға болуы үшін кәсіби білім мен коммуникативтік дағдыларды меңгерген, бастамашыл, ізденімпаз, топта жұмыс жасауға қабілетті, өзіне жауапкершілік алуға даяр болулары тиіс.

Докторант Мутанова Динара Юлдашбаевна зерттеу жұмысын жүргізу барысында аталған жағдайларды ескерген. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арналып «Коммуникативтік мәдениет» таңдау курсының оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені жасақталып, оқу үдерісіне ендірілген, зерттеу барысында пайдаланылған.

Диссертациялық зерттеу проблемасының теориялық мазмұнын айқындауда коммуникативтік, құзыреттілік және коммуникативтік мәдениеттілік мәселелері бойынша философия, психология, педагогика

салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеу жұмыстарына талдау жасаған.

Ізденушінің зерттеу жұмысын орындаудағы ізденімпаздығы мен жауапкершілігін жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігінің толық ашылғандығынан байқай аламыз.

Зерттеу мақсатына жетуде ізденушінің алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығы оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірізділігінен көрініс тапқан. Зерттеу міндеттерін нақты анықтау, зерттеу әдістерін тиімді пайдалану, тұжырымдалған әрбір нәтижелерді іс жүзінде дәлелдеу, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдау өз кезегінде зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының құндылығы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері арқылы ашылған. Атап айтқанда, тұлғаның дамуы, теория мен практиканың бірлігі туралы философиялық идеялар, қоғамдық даму құбылыстарын зерделеудегі тұлғалық-әрекеттік қатынас қағидалары, жоғары білім жүйесі туралы қағидалар, лидерлік, коммуникативтік лидерлік туралы теориялық тұжырымдар.

Д.Ю. Мутанова зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының, қорытындыларының негізділігі мен шынайылығын, оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталған, зерттеу әдістерін тиімді пайдаланылған, тұжырымдалған әрбір нәтижелер практикалық тұрғыда дәлелденген, зерттеу барысында алынған мәліметтер сандық және сапалық талданып, зерттеу жұмысына қорытынды жасаған.

Мутанова Динара Юлдашбаевнаның диссертациялық жұмысы әлемдік деңгейде көкейкесті проблеманы шешуге бағытталған, алынған нәтижелері ғылыми-практикалық тұрғыда құндылығы жоғары диссертация.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында ізденуші Д.Ю.Мутановаөзінің жоғары жауапкершілігін, ғылыми ізденіске бейімділігін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу барысында ақпарат көздерін тиімді пайдалана білетіндігін, ақпараттарды талдау мен жүйелеуді логикалық тұрғыда бірізділікпен тиянақты іске асыра білді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспе; екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалармен мазмұндалған.


Мутанова Динара Юлдашбаевнаның зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдамалары отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді. Жалпы саны 2 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 24 ғылыми-әдістемелік мақаласы жарияланған. Оның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 - Scopus базасына енген шетелдік журналда, 19 - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында және ғылыми басылымдарда (соның ішінде 12-шетелде өткізілген) жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өз бетінше орындаған зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Ізденуші ғалым ретінде Д.Ю.Мутанова білімді, ізденімпаз, ұстамды, ойлау қабілеті жоғары, коммуникативті, кәсіби құзыреттілігі жоғары білікті маман.

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынған Д.Ю.Мутанованың «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарды толық қанағаттандырады деп есептеймін.

Мутанова Динара Юлдашбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту» тақырыбындағы докторлық диссертациясын 6D010000 – «Білім беру» бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде құрылған диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор**



К.М.Беркимбаев

